

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300», «8D02206 –Тарих», «6D020800», «8D02205 - Археология және этнология» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

### Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 3
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 10 адам, олардың ішінде 5 адам (50%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 5 адам (50%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі, профессор Ә.Т.Толеубаев отбасы жағдайына байланысты кеңестің 1 отырысына қатыспады.

### 3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Ғылыми жетекшілері	Докторант оқыған, ЖОО
1	Карибаев Максат Серикович	Жанбосинова Альбина Советовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).  Аблажей Наталья Николаевна – тарих ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік университеті, (Новосібір қ., Ресей Федерациясы).	С.А. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті
2	Тоқсанбаев Алмас Коргаджанович	Ноғайбаева М.С. т.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультетінің деканы. (Алматы қ., Қазақстан)	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

		Оджал Мехмет Огуз - тарих ғылымдарының докторы, Хаджи Байрам Велли университетінің профессоры (Анкара қ., Түркия).	
--	--	--	--

**4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

**1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;**

Карибаев Мақсат Серікұлы – диссертациялық жұмыстың мақсаты Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың күнделікті өмір тарихын зерттеу. Диссертациялық жұмысында ХХ ғ. соңы - ХХІ ғ. алғашқы екі онжылдығы кезеңінде Қазақстанның репатриациялық саясатының дамуына талдау жүргізілді, қазақтардың тарихи отанына оралуының динамикасы зерттеліп, Шығыс Қазақстанда репатрианттарды қоныстандырудың құрылымын анықтау және оған демографиялық сипаттама берілді, қоныс аударушы мен қабылдаушы қоғамның өзара әрекеттесуінің және бейімделуінің күнделікті стратегиялары анықталды, елге оралушылардың қабылдаушы қоғам ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграция мәселелерін бөліп көрсету; – Қоныс аударушылардың этномәдени бірегейлігінің ерекшеліктеріне және өзге мәдени жүйелеріне талдау жасалды, Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру тәжірибесіне талдау жасалып, олардың репатрианттардың күнделікті өмірдегі кеңістігін қалыптастыруға әсері көрсетілді, репатриант жастарға қатысты саясатты жүзеге асыру асыру барысындағы олардың кроссмәдени бейімделу алгоритмінің өзара әрекеттесуін бағалау жүзеге асырылды.

**2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;**

Диссертациялық жұмыстың мазмұны Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің нормативтік құқықтық актілері мен жарлықтары, ҚР «Халықтың кәші-қоны туралы» заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдаулары, заңнамалық актілер негізінде құрылды. Диссертациялық зерттеу «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (ХХІ ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдардағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» стратегиясының ережелеріне сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы

Президентінің Жарғылары және Үкімет пен басшы органдардың заңдық актілері, ҚР кәші-қон саясатының тұжырымдамасы (2000 ж. 5 қыркүйек), ҚР кәші-қон саясатының 2001-2010 жж. арналған салалық бағдарламасы (2001 ж. 29 қазан) мен 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы және ҚР БҰҰ ДБ аясында қандастарды бейімдеу орталықтарынан алынған мәліметтер тақырыптың зерттелу аясын кеңейте түседі. Реаптрианттарды бейімдеу мен қоғамға кірігу бағытында жүргізілген негізгі мемлекеттік бағдарламалардың бағыттарына сәйкес.

### **3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.**

Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары, тұжырымдары мен нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған 10 мақалада кәрініс тапты. Оның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, Scopus халықаралық базасына енген журналда – 1 мақала, 4 халықаралық конференция материалдары мен тезистері және 1 мақала шетелдік конференция материалдарында жарияланды. Зерттеуші әрбір жарияланымда тұжырымдама беріп, әдістемелік жұмыстарға сүйеніп, зерттеуде, деректерді дербес жинауда, әндеу және талдауда, түпнұсқаны дайындауда, жазуда және әрі қарай әндеуде, әдебиеттер мен ақпараттарды жинау мен тексеруде үлесін қосты

### **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың, ғылыми кеңесшілерімен бір-біріне тәуелсіз болу принципін жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

1) әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің диссертациялық кеңес туралы ережесінің 3.14 пунктіне сай диссертацияны қорғау күнін анықтау және екі ресми рецензенттерді тағайындауды диссертациялық кеңеске құжаттарды қабылдаған күннен 10 (он) жұмыс күнінен кем емес уақыт аралығына өзгерту. Диссертацияны қорғау күні диссертацияның қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауға тиіс.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:**

	Мамандық шифры мен атауы			
	8D02206 Тарих	6D020300 Тарих	6D020800 Археология және этнология	8D02205 - Археология және этнология
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	2(1)	-	-
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар	-	-	-	-

